



## Алматы қаласы жергілікті атқарушы органдының облигацияларын шығарудың уақытша тәртібін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 22 қыркүйек N 1437

"Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы"  
Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы Заңына сәйкес Қазақстан  
Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Алматы қаласы жергілікті атқарушы органдының

облигацияларын шығарудың уақытша тәртібі бекітілсін.

2. Алматы қаласы жергілікті атқарушы органдының облигацияларын  
орналастырудан қаржы қаражаты Алматы қаласының жергілікті бюджетіне түседі  
деп белгіленсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Қазақстан  
Республикасы жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік эмиссиялық бағалы  
қағаздар шығаруының жалпы тәртібі бекітілгенге дейін қолданылады.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1999 жылғы 22 қыркүйектегі  
N 1437 қаулысымен  
бекітілген

Алматы қаласы жергілікті атқарушы органдының  
облигацияларын шығарудың  
Уақытша тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Уақытша тәртіп Қазақстан Республикасының аумағында Алматы қаласы жергілікті атқарушы органдың айналым мерзімдері алты, тоғыз және он екі ай облигацияларын (бұдан әрі - облигациялар) шығарудың, орналастырудың және өтеудің тәртібін айқындайды.

2. Облигациялар мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар болып табылады, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандарына сәйкес аймақтық инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру мақсатында Алматы қаласының жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі - Эмитент) шығарады.

3. Облигациялар құжаттамалық емес нысанда шығарылады, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" жабық акционерлік қоғамындағы (бұдан әрі - Депозитарий) оларды ұстаушылардың "депо" шоттарында және мемлекеттік бағалы қағаздаррыногындағы кәсіби қатысуышылардың олардың инвесторлары жөніндегі ашық "депо" шоттарына тиісті жазбалар жүргізу жолымен орналастырылады және айналымда болады.

## 2. Шығару және орналастыру

4. Әр шығарылымның Эмитент бекіткен шығару параметрлеріне орай қолданылып жүрген зандарға сәйкес Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы беретін ұлттық бірдейлендірілген нөмірі болады.

5. Облигациялардың бастапқы құны 100 АҚШ долларына тең.

6. "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы облигацияларды бастапқы орналастыруды жүзеге асыратын Қаржылық агент (бұдан әрі - Қаржылық агент) болады. Эмитент пен Қаржылық агенттің арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандарымен, осы Уақытша тәртіппен және Эмитент пен Қаржылық агенттің арасында жасалатын облигацияларды бастапқы орналастыру, олардың айналымы және өтеу туралы келісіммен реттеледі.

7. Облигациялар инвесторлардың - жеке және занды тұлғалардың, Қазақстан Республикасының резиденттері мен резиденті еместердің арасында аукциондық әдіспен айқындалатын дисконтирендірілген баға бойынша орналастырылады. Аукционға қатысуышылардың өтініштерін қанағаттандыру Эмитенттің келісімімен бәсекелі емес өтініштер ескеріле отырып эмиссияның жарияланған көлеміне қол жеткізілгенге дейін облигация үшін ең жоғары дисконтирендірілген баға бойынша берілген ұсыныстан басталады.

8. Облигацияларды орналастыру жөніндегі аукциондарды Эмитент белгілеген кесте бойынша Қаржылық агент жүргізеді. Эмитент кезекті аукционды өткізу күніне дейін жеті күнтізбелік күннен кешіктірмей, өз кезегінде бес күнтізбелік күннен кешіктірмей бағалы қағаздаррын айналымына қатысуышыларға облигациялардың аукционын өткізу

күні мен шарттары туралы құлақтандыратын Қаржылық агентке облигациялардың аукционын өткізудің күні мен шарттарын хабарлайды. Аукциондарды өткізудің тәртібі "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының актілерімен реттеледі.

9. Облигациялар эмиссиясының қөлемін Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаулысымен бекітілген қарыз алу лимитінің шегінде Эмитент белгілейді. Әр эмиссияның шартын, оның ішінде бағалы қағаздаррынан кесіби қатысуышының немесе инвестордың бір аукционында облигациялар сатып алуының ең жоғарғы қөлемін, бәсекелі емес өтініштерді қанағаттандырудың процентін әр шығарылым үшін Эмитент айқындайды.

Облигациялар бойынша сыйақының (мұдденің) ставкасы аукционға қатысуға өтініштердің жиынтық ведомосының негізінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісіледі.

10. Облигациялар сатып алуға ақы төлеуді бағалы қағаздаррынан кесіби қатысуышылар әр эмиссияның шарттары жариялануы жағдайында ақы төлеу күнінің алдындағы күнгі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша Эмитент белгілеген төлем күні сағат 11.00-ге (Алматы уақытымен) дейін теңгемен жүргізеді.

11. Резидент еместердің облигацияларды сатып алуының қөлемін эмиссияның шарттарын жариялаудың алдында, Эмитент Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келіседі.

### 3. Облигациялардың айналымы

12. Облигациялардың айналымы бағалы қағаздаррынан кесіби қатысуышылар Қаржылық агенттен облигацияларды сатып алғаны үшін Эмитенттің шотына ақшаның түскені туралы құлақтандыру алған сәтінен басталады және олар өтелгенге дейін бес жұмыс күні қалғанда тоқтатыла түрады.

13. Заңды және жеке тұлғалар - Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент еместері облигацияларды ұстаушылар бола алады. Бұл ретте облигациялардың аукционына тек бағалы қағаздаррынан кесіби қатысуышылар ғана тікелей қатысады. Бағалы қағаздаррынан қалған қатысуышылар (инвесторлар) бастапқы орналастыру аукциондарына тек бағалы қағаздаррынан кесіби қатысуышылар арқылы ғана қатысады.

14. Облигациялармен бағалы қағаздардың қайталама рыногындағы барлық операциялар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

15. Қазынашылық міндеттемелерге арналған меншік құқықтарының есебі мен ауысуы облигацияларды ұстаушылардың жазбаша тапсырмасының және/немесе электрондық тапсырмасының негізінде сатушы мен сатып алушының "депо" шотына

тиісті жазбалар енгізу жолымен Депозитарий арқылы жүзеге асырылады.

#### 4. Облигацияларды өтеу

16. Сыйақыны (мұддені) есептеу осы Тәртіптің 7-тармағына сәйкес аукционда айқындалатын сыйақының (мұдденің) ставкасы бойынша инвесторлар бастапқы орналастыру бойынша аукциондарда сатып алғынған облигацияларға ақы төлеген күннен кейінгі күннен басталады, өтеу күнін қоса алғанда, айналымның кезеңі бойы жүргізіледі.

17. Эмитент облигацияларды өтеуді бастапқы құны бойынша, тиісінше, инвесторлар бастапқы орналастыру бойынша аукциондарда сатып алғынған облигацияларға ақы төлеген күннен кейінгі күннен бастап жұз сексен екінші, екі жұз жетпіс үшінші немесе үш жұз алпыс төртінші күнтізбелік күнде жүргізеді.

18. Депозитарий облигацияларды өтеу күніне дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей Эмитентке Депозитарийдің деректерінің негізінде қалыптастырылған және олар бойынша өтем жүргізілуі тиіс, облигациялардың саны мен әрбір бағалы қағаздаррыногына кәсіби қатысуышы бойынша төлемдердің сомалары туралы мәліметті қамтитын жиынтық ведомост жолдайды.

19. Облигацияның бастапқы құнын өтеуді, өз кезегінде ведомосқа сәйкес бағалы қағаздаррыногының кәсіби қатысуышыларының шоттарына ақша аударуды жүзеге асыратын, Депозитарийдің шотына ақша аудару жолымен Алматы қаласы жергілікті бюджетінің қаражаты есебінен Эмитент жүзеге асырады.

20. Эмитент облигациялардың бастапқы құнын өтеуді өтем күнінің

алдындағы күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша теңгемен жүргізеді.

21. Эмитент облигацияларды өтегеннен кейін 5 күннің ішінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Депозитарийдің облигациялардың өтелгендігі туралы мәліметінің көшірмесі мен жүргізілген өтемді растайтын құжаттардың көшірмесін ұсынады.

22. Облигациялармен операциялар бойынша салық салудың тәртібі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен айқындалады.

Оқығандар:

Кобдалиева Н.М.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК